Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология және әлем тілдері факультетінде 6D020500 – «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Керимова Сания Макежановнаның «Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері» атты диссертациялық жұмысына

ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Жаһандану, интеграциялану, трансмәдениеттену үдерісі әртүрлі ұлттардың мәдени және тілдік кеңістіктерінің трансұлттануына себеп болады. Сонымен қатар шекараның ашықтығы қазіргі электронды-ақпараттық қоғамдағы мәдениаралық қатысым сипатына және қоғамдық санаға үлкен ықпал тигізетін жаңа трансмәдени кеңістік қалыптастырады. Қазіргі кезеңдегі қарқынды мәдениаралық қатысымдар жағдайында әртүрлі мәдениеттер өкілдері әлемді трансмәдени көзқараспен қабылдайды, осындай жағдайда жеке адам әртүрлі мәдениеттердің тасымалдаушысы болып, бір мезгілде бірнеше сәйкестіктің рөлін атқарады, осының нәтижесінде трансмәдени тұлғаның жаңа сапасы пайда болады.

Мәдениаралық қатысым – пәнаралық сипатқа ие, яғни оның негізгі компоненттерін мәдени антропологияның, этнолингвистиканың, лингвомәдениеттанудың теориялық тұжырымдары қамтиды. Пәнаралық зерттеулердің жаңа үрдістеріне байланысты Ұ.М. Бахтікереева «Халықтар, тілдер мен мәдениеттер тоғысып, қарқынды өзара әрекеттесу мен ықпалдасуында адамзаттың жаңа қалыбы, жаңа логика мен мағыналар құрылып, дамиды – оны заманауи зерттеуші зерделеп, қарастырмаса болмас. Жаңа мағыналардың пайда болуы шекара, көші-қон, көптілдік, транстілдік ұғымдарының қайта қарастыруына шарасыз әкеледі» – деп жазады (Бахтикереева У.М. Творческая билингвальная личность (особенности русского текста автора тюркского происхождения). – Астана: Изд-во «ЦБО и МИ», 2009. – 259 с.)№

Диссертация тақырыбы мәдениаралық қатысымның лингвомәдени және лингвокогнитивтік негіздерін, тілдік сананың этномәдени ерекшеліктерін заманауи Қазақстан жағдайындағы социомәдени ассоциациялар арқылы зерттеу қажеттілігімен шартталады. Сонымен қатар, тілдік бірліктердің кроссмәдени талдауы жасалып, этностереотиптердің жүйесі анықталады.

Қазақстандық қоғамда қазақ және орыс мәдениеттерінің қарым-қатынасы әрқашанда өзекті мәселе болып қалады. Сондықтан диссертация жұмысында қазақ-орыс және орыс-қазақ қостілділік жағдайларында қоғамдық-саяси лексиканы функционалды-коммуникативтік тұрғыдан сипаттау және қазақ және орыс мәдениеттеріндегі түр-түс атауларының символикасын салғастырмалы бейнелеу негізінде сол халықтардың тарихы, өмірлік философиясы және менталитетімен негізделген айырмашылықтар мен ұқсастықтар талданады. Осындай зерттеулер лингвистикалық құбылыстарды жаңаша пайымдауға мүмкіндіктер береді. Сонымен қатар

медиалық өкілдікке бағытталған қоғамдық-саяси қатысымды басқаша түсінуге әсер етеді

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу жұмысының құрылымы, мазмұны, тілі, қажетті әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, көлемі докторлық диссертацяларға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

Диссертанттақырыбы бойынша ғылыми-әдістемелік еңбектердегі тұжырымдар мен қағидаларға сүйеніп, арнайы жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар ұйымдастыру арқылы төмендегідей жаңалықтарға қол жеткізген:

- қазіргі қазақстандық орыстілді БАҚ-на тән белгілердің бірі – казахизмдер функционалдық-стильдік және эмотивті-бағалауыштық қасиеттерге ие стилистикалық таңбаланған кросс-мәдени неологизмдер ретінде талданады;

- ұлттық колоремалар мәдени реалийлерді белгілейтін компаративтік жиынтық ретінде белгілі бір этникалық қауымдастық өкілдерінің білімдері мен тәжірибесін анықтайтын ақпараттық құрылымдар болып табылатыны дәлелденеді;

-мәдениаралық коммуникацияны жүзеге асырудағы ұлттық-мәдени ұғымдарды зерделеу жаңа ғылыми тұжырымдарға негізделген аударманың лингвомәдени үлгісі қарастырылады және әртүрлі тіларалық ауысулар (нақтылау, генералдандыру, модульдендіру, мағыналық және бүтіндік қайыра ойластыру) көркем әдебиет аудармалар үзінділері арқылы талданады;

-заманауи қазақ реалийлері туралы деректерді тұжырымдау және мәдениаралық ерекшеліктер мен қазақ менталитетінің өзгешелігін сипаттау мақсатында американдық және шығыс мемлекеттерден келген азаматтардың қатысуымен ассоциациялық тәжірибе жүргізіліп, нәтижелері сипатталған.

Зерттеу тақырыбы тіл білімінде өзектілігімен арнайы зерттеу нысаны болып отыр. Дисертанттың зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері диссертацияға қойылатын талаптар деңгейінде орындалған.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және академиялық шынайылық дәрежесі.

Диссертациялық жұмыста жаһандану және интеграция заманында қарқынды дамып, халықаралық қатынастарды нығайту жағдайында өзекті мәселелердің бірі болып табылатын медениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері қарастырылды.

Бірінші ғылыми жаңалық бойынша: Мәдениаралық қатысымдағы тілдік бірліктердің мәдени шартталған семантикасы қарастырылып, әлемнің тілдік бейнесіне кросс-мәдени талдау жасалды. Қазақстандық орыстілді БАҚ дискурсындағы казахизмдер лингвомәдени феномен ретінде

қарастырылып, олардың әртүрлі мағында қолданылған контекстілері талданды.

Екінші ғылыми жаңалық бойынша: ахроматты және хроматты түр-түс атауларының мәдениаралық қатысымдағы семантикасы мен символикасы талданды. Колоремалар мәдени реалийлерді белгілейтін компаративтік жиынтық ретінде белгілі бір этникалық қауымдастық өкілдерінің білімдері мен тәжірибесін анықтайтын ақпараттық құрылымдар ретінде талданды.

Үшінші ғылыми жаңалық бойынша: мәдениаралық қатысым үдерісінде екі тіл мен мәдениет арасындағы көпір ретінде аударманың рөлі ерекше болып табылады. Зерттеуде мәдениаралық қатысым мен аударма арақатынасы анықталып, аударма мысалдары сипатталды. Көркем шығармалардың аудармалары тарихи-мәдени ақпаратты тәржімалау тұрғысынан талданды.

Төртінші ғылыми жаңалық бойынша: мәдениаралық қатысым жағдайындағы шетел азаматтарының қазақстандық этномәдени реалийлерді қабылдауы ассоциациялық тәжірибе арқылы зерттелді. Жалпы, ассоциациялық өрістер тілдік белгінің ұлттық-мәдени таңбалануына куә және Қазақстан бейнесі мен оның реалийлерінің өзге мәдени тілдік тұлғаның санасында концептуалды құрылым пайда болуына мүмкіндік берді.

Бесінші ғылыми жаңалық бойынша: мәдениаралық қатысым жағдайында қалыптасқан этностереотиптер (авто- гетеростереотиптер) сипатталды.

Зерттеу нәтижесінде жасалған тұжырымдар мен қорытындылардың шынайылық дәрежесі әдіснамалық және теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдерінің тиімділігімен сипатталады.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Зерттеу жұмысында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытындының жаңалық дәрежесі төмендегідей:

- БАҚ-тағы қазахизмдердің жаңа қолдану үрдістері алғаш рет қарастырылып, ғылыми негізде сипатталды; Толық жаңа.

- алғаш рет мәдениаралық қатысым жағдайында қазақ жастарының тілдік санасындағы жаңа бейнелердің қалыптасуы тәжірибе арқылы зерттелді; Толық жаңа.

- тіл байланыстары, тіл және мәдениет мәселелері, мәдениетаралық сәтсіздіктер және олардың тиімді шешімдері мәдениетаралық қатысым саласымен тығыз байланысты екендігі дәлелденді; Толық жаңа.

- Шетел (американдықтар мен шығыс елдерінің өкілдері) азаматтардың ассоциацияларын талдау көпмәдениетті қазақ қоғамында мәдениаралық қатысым мәселесі жаңаша қарастырылып, зерделенді. ; Толық жаңа.

- Транслингвалды және трансмәдени құбылыстарды сипаттау үшін екі қарама-қарсы, бір-біріне «алшақ» жатқан, мысалы, қазақ және американдық

этнолингвомәдениеттерді салыстыру мен өзара әрекеттестігін бақылау маңыздылығы айқындалдыТолық жаңа.

Сонымен, диссертанттың диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі мен қорытындысының жаңалық дәрежесі философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық жауап береді.

5. Автордың даралық принципі, алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Зерттеудің тақырыбы, соған сәйкес құрылымы, мазмұнындағы талдау, зерттеу, салыстыру барысының нәтижелері және жалпы қорытындысы логикалық тұтастығымен, жүйелі сабақтастығымен сипатталады.

Диссертациялық зерттеу жұмысының мақсаты айқын, мақсатқа жету үшін алға қойылған міндеттер дұрыс белгіленген. Мақсат пен міндет логикалық байланыста, әрі тақырыптың мазмұндық жағынан толық ашылуын қамтамасыз етуге бағытталған. Сондықтан зерттеу жұмысының және эксперимент нәтижелері, қорытындылары нақты, дәлелді. Ғылыми негіздемелер өзара тығыз байланыста орындалған. Зерттеудің тұжырымдары бір-бірімен тығыз байланыста, стильдік әрі логикалық құрылымға негізделе жасалған, ғылыми қорытындылары нақты берілген. Келтірілген жаңалықтар мен практикалық маңыздылығы қазақ тіл білімінің жаңа аспектілері бола алады.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Бұл зерттеу ЖОО-да ұлтаралық мәдениаралық қатысым мәселелеріне орай, бағдарлап оқыту негізінде студенттер білімінің формаларын жетілдіру мен әдістерін іздеу шеңберінде әртүрлі ұлт менталитетіне сай мәдениаралық қатысымның қажетті принциптерін жүзеге асыруға бағыт сілтейді; диссертация мазмұны «Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері»деп аталатынэлективті курстарды оқытуда үлесі зор.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған мақалалар саны мен көлемі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы қадағалау мен аттестаттау комитеті қоятын талаптарға сай келеді. Диссертация нәтижелері 10 ғылыми мақалада жарияланды. Олардың 4-і **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынған** басылымдарда жарияланды:

1 «Лингвокультурные единицы перевода в межкультурной коммуникации» атты тақырыпта ҚазҰУ Хабаршысы (Филология сериясы) № 2 (154), - Алматы қ., 2015 ж. 396-400 бет.

2 "Түр-түс атауларының мәдениаралық қатынастағы семантикасы мен символикасы" ҚазҰУ Хабаршысы (Филология сериясы) № 6 - Алматы қ., 2015 ж.

3 "Орыстілді бақ-тағы казахизмдер: мәдениаралық қатынас мәселелері" Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің хабаршысы (филология сериясы № 4\2016жыл) №4 - Көкшетау қаласы, 2016 ж.

4 "Мәдениаралық қатысымдағы тілдік сананың этномәдени ерекшеліктері" Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің хабаршысы (филология сериясы № 3\2017 жыл) №3 - Көкшетау қаласы, 2017 ж.

Нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналдар базасына тіркелген шетел журналында жарияланған мақалалар:

СКОПУС базасына кіретін ғылыми журналда 2 мақала:

1 "Violation of Priority in Media and Political Discourse Dialogue (On the Basis of Kazakhstan Talk Shows)"атты тақырыпта Scopusдеректер базасына енетін "The Social Science"журналы (ISSN: 1818-5800), 2016 жыл, 4440-4447 бет.

2 "Культурно обусловленная семантика языковых единиц в межкультурной коммуникации" атты тақырыпта Scopusдеректер базасына енетін "Когнитивная лингвистика" журналы (ISSN 1812-3228), №1 басылым 2017 жыл.

Халықаралық және шетелдік ғылыми конференция материалдарында баяндалған және талқыланған диссертацияның негізгі нәтижелері:

1. «Межкультурная коммуникация: о переводах “Диван-и хикмет” Ясави» атты тақырыпта The 4 th International Scientific Congress «Science and Education in the Modern World», 2015; 1052 p. - New Zealand, 5-7 january, (ISBN 978-0-845-57459-7) (135-140 бет)

2. «Мәдениаралық қарым-қатынастың ғылым деңгейінде зерттелуі жөнінде» атты тақырыпта ф.ғ.д., профессор Р.С.Әмірдің 85 жылдығына арналған “Қазақ тілі коммуникативтік мәдени жүйеде: теориясы мен практикасы” атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясы, - Алматы қ., 24 сәуір, 2015 ж. 179-181 бет.

3. «Лингвокультурологическая модель перевода в межкультурной коммуникации» // III Международный научно-практический форум «Языки. Культуры. Перевод» 19–25 июня 2015 г. материалы: электронное издание. - М.: Издательство Московского университета, 2015. – 433 с. (ISBN 978–5–19–011088-3) (149-154 бет)

4. "Культурная семантика цветообозначений в межкультурной коммуникации" «Перевод как средство взаимодействия культур»Краков қаласында 17.12. – 21.12. 2015жылы өтетін халықаралық конференция материалдарына жарияланды.

Сондықтан диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануы толық жеткілікті деп есептеуге болады.

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

1. Дисертациялық жұмыста қолданылатын терминдер нақты жіктеліп, анықталмаған. Мысалы, *мәдениаралық қатысым, мәдениаралық қарым-қатынас, кросс-мәдени зерттеулер*; *казахизм, экзотизм, тюркизм*

2. Аудармадағы мәдени үдеріс тек қана көркем-әдеби шығармалар негізінде көрініс табады және көп жағдайда аударма мәнмәтіндерін талдауда қабылдаушы тілдің узусы назардан тыс қалады.

2. Диссертация стилистикалық және орфографикалық қателер кездеседі.

9. Мамандық бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.

Керимова Сания Макежановнаның6D020500 – «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері» тақырыбында дайындаған диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті талаптарына сәйкес орындалған. Керимова Сания Макежановна 6D020500 – «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Пікір беруші:
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық
университетінің қазақ филологиясы және
әлем тілдері факультеті деканы,
филологи ғылымдарының докторы, профессор **Қиынова Ж.К.**

Көшірме дұрыс
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық
университеті персоналды басқару бөлімі
Копия верна
Отдел по управлению персоналом Казахского
национального женского педагогического университ